

Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті филология және әлем тілдері факультетінің «6D020500 – «Филология» мамандығының докторантты Керимова Санияның философия ғылымдарының (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері» атты диссертациялық жұмысына

Отандық кеңесші

ПІКІРІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінің «6D020500 – «Филология» мамандығының докторантты Керимова Санияның философия ғылымдарының (PhD) докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері» атты диссертациясы мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілерінің теориялық негіздерін айқындауға бағытталған.

XXI ғасырда әлемдегі түрлі ел, халық, ұлттар арасындағы саяси және экономикалық, сондай-ақ, мәдени байланыстар мықты дамыды. Бұл, әрине, жаһандану үдерісінің де ықпалы екендігінің әсері.

Қазақстан тәуелсіздің алғаннан бері казір әлемнің түкпір-түкпірінен түрлі байланыс жасау мақсатымен ағылған шетелдік адамдар күннен күнге көбейіп келеді. Бұлардың арсында қарапайым жұмыс іздеушілер, туристерден бастап, мемлекет қайраткерлеріне дейін әлеуметтік топты қураған өзге тілді, өзге мәдениет өкілдері бар.

Мәдениаралық қатысым қызметі казактар үшін өткен ғасырдан да басталған деуге болады. «Перецеленцы» деп аталған орыс тілділер қазақ жеріне қоныстана бастағанда-ақ, қазіргі билингвизмнің негіздері сол кезден қалана бастағаны тарихтан белгілі. Ал оларға тіл үйрету, мәдени қарым-қатынас мәселелері тек заңды түрде Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана жүзеге асырыла бастады.

Міне, осы кезде мәдениаралық қатысым әрекеттері белгілі бір теориялық ұстанымдарға, ғылыми тұжырымдар мен басты қағидаттарға сүйенген методологиялық негіз қажеттігі айқын болды. Алайда қалыптасқан тәжірибелің аздығы осы уақытқа дейін мәдени коммуникацияның жүйелі түрде ғылыми зерттеу нысанына айналмауының себебі деуге болады.

Бұл ретте зерттеу жұмысының өзектілігі аталған олқылықтың орнын толтыру мақсатында «Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері» алғаш рет қазақ тіл білімінде сөз етілуімен ерекшеленеді. Зерттеу нысаны мен қолданатын әдістерге байланысты мәдениаралық қатысымды әлеуметтік, психологиялық, лингвистикалық бағыттар деп белетіні белгілі. Қазақ зерттеушілері, мәселен, философтар, мәдениеттанушылар тарапынан мәдениаралық қатысымға қатысты бірдекілі қорғалған диссертациялар бар. Ал лингвистикалық аспектілері туралы жазылған ғылыми жұмыстар тым аз, мақсатты түрде зерттеу нысанына

айналмagan. Сондыктan докторант Керимова Саниянын аталған жұмысының мақсатына карау, ғылыми міндеттері жан-жакты белгілентен.

Атап айтканда, мәдениаралық катысым дискурсын этно-элеуметтік және этномәдени аспектілерде зерттеу және менталдық лингвистиканың ерекшеліктерін анықтау: Өзге елдін мәдениетін қабылдаушылар үшін аударма мәселелеріне катысты аударудағы фондық білім ерекшеліктерін беру тәсілдеріне талдау жасау; Өзге тілді дәрісханаларда мәдениаралық катысымды қалыптастыратын тілдік бірліктерді ұлт мәдениетімен байланыстыра оқытудын тәсілдерін жетілдіру жолдарын анықтау; Бұхаралық аппарат құралдарында мәдени «диалогтын» қалыптасу ерекшеліктерін талдау; мәдениаралық катысым жағдайындағы шетел азаматтарының казакстандық этномәдени реалийлерді қабылдауын ассоциациялық тәжірибе арқылы зерттеу.

Диссертант енбегінің күнды жактарының бірі ретінде 1-тарауда диссертацияның такырыбына катысты теориялық өзегін әлемдік аса күнды зерттеулерді қарастырып, терен әрі жан-жакты ғылыми мәғлұматтарды жүйелі талдау, мәдениаралық катысымның лингвистикалық ерекшеліктері туралы жаһандық пікірлермен таныстыруын айта кеткен жөн. Мәселен, оның мәдениаралық катысымның заманауи ғылыми бағыт екендігін жүйелі теориялық ізденістермен дәлелдеуі сондай-ақ, пәннің қалыптасуы және даму тарихын, әдістемелік негіздерін айқындауы жұмыстың ғылыми мазмұнын айқындау гүседі.

Тұл біліміндегі жаңа ғылыми бағыттар аясында қарастырылған «Мәдениаралық өкатысымның лингвомәдени және лингвокогнитивтік негіздері» деген 2- тарауда сез болып отырған лингвистикалық аспектілердің негізгі тұғырларын казак пен өзге ұлттар арсындағы катысымда көрініс табатын менталдық ерекшеліктер тұрғысынан талдаған. Эр тарауша сонында берілген тұжырымдары дәлелді және ғылыми қағидаттары талассыз, дау тутызыбайды.

Тілдік сана әр ұлтта әлем бейнесін қабылдауындағы өзіндік ерекшеліктермен қарастысады. Сондыктan мәдениаралық катысымда тілдік сананың этномәдени сипаты түрлі жағдаяттағы дискурста назар аудартады. Бұл диссертацияның 3-тарауында ассоциациялық тәжірибе арқылы катысым нәтижелерін талдауынан көрінеді. Эр ұлттың этномәдени ерекшеліктерін шынайы үлгіде байқау тек осындай ассоциациялық сауалнама жауаптары және этностеоретиптердің қалыптасуы арқылы көрсетеді.

Ізденуші Керимова Санияның «Мәдениаралық катысымның лингвистикалық аспектілері» атты диссертациялық жұмысы ғылыми жұмыска койылатын талаптарға сай, техникалық талаптар толық сакталған. Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, 6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Керимова Санияның «Мәдениаралық катысымның лингвистикалық аспектілері» атты диссертациялық жұмысы ғылыми аппараты дұрыс, КР БФМ Білім және ғылым саласындағы бакылау комитеті тарапынан ғылыми талаптарға сәйкес, мәдениаралық катысымның

лингвистикалық аспектілерінің теориялық негіздерін айқындауга, колданбалы жақтарын жетілдіруіне үлес қосатын толық аяқталған зерттеу деп танылып, диссертациялық кеңесте қорғауға дайын деп бағалаймын.

Отандық кеңесші,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры,
филол. ф. д.



К.Смагұлова

РАСТАЙМЫН

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Филологиялық факультетінде
диплом және аттестаттың басқармасының
бапкершесін

ЗАВЕРЯЮ

Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. Аль-Фараби

Р.Е. Кудайбергенова

